

**ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДА ҚҰБЫЛЫС БОЛҒАН ШЫҒАРМАЛАР СЫРЫ
(ТӨЛЕН ӘБДІКҰЛЫНЫҢ «ОҢ ҚОЛ», «ПАРАСАТ МАЙДАНЫ»
ШЫҒАРМАЛАРЫ БОЙЫНША)**

Лекерова Е.Ж.

Ғылыми жетекшісі – Оспанов С.

Аннотация. В данной статье рассматриваются произведения лауреата Государственной премии писателя Толена Абдикова «Оң қол» и «Парасат майданы», проанализированы отзывы ученых-исследователей, литературных критиков.

Abstract. This article examines the work of the winner of the state award, the writer Tolen Abdikova "right hand man," and "Parasat Maidan. researchers analyzed by academics and literary critics of the data products.

Кез келген ұлттың, халықтың тағдыры, басынан өткерген тарихи кезеңдері ең алдымен сол халықтың әдебиетінде із тастайтыны ақиқат. Қазіргі таңда, қазақ әдебиетінің әрқилы кезеңдерінде рухани дамуымызға, мәдени өркениетке, әсіресе ұлттық жан дүниемізге өз шығармаларымен айтулы үлес қосқан қаламгерлеріміздің бірі – Төлен Әбдікұлы.

Жазушының шығармалары адам мінезінің құпия сырларына үңілу, өмірдің мән-мағынасына философиялық тұрғыда қарауымен, өмірдің қайшылықты құбылыстарының күрделі шындығын ашумен ерекшеленеді [1, 121].

Төлен Әбдіковтың прозалық шығармаларының тақырыбы өзекті де ауқымды болып келеді. Жазушының шығармаларын тақырыбына орай екі топқа жіктеп қарастырған дұрыс. Бірі – адам мінезінің құпия сырларына, өмірдің қайшылықты құбылыстарына, қоғамдық мәселелерге арналған прозалық шығармалар болса, ал екіншісі – тарихи тақырыпқа жазылған прозалық шығармалар. Бірінші топтағы тақырыпқа көбінше әңгіме-повесть жанрындағы «Оң қол», «Қайырсыз жұма», «Бас сүйек», «Қонақта», «Жат перзент», «Қыз Бәтеш пен Ерсейіт», «Парасат майданы», «Ақиқат» т.б. шығармаларын жатқыза алсақ, екінші топтағы тақырыпқа «Әке», «Оралу» повестері, «Өлара» романын жатқыза аламыз [1, 122].

Жазушының «Оң қол», «Парасат майданы» шығармалары екіұдай сезім кешкен «сырқат» тұлғалары хақында.

Тұлғаның екіге жарылып, бір адамның ішіндегі ізгілік пен зұлымдық бастаулары өзара ымыраға келе алмай, тартыстың жеке тұлға ішіне түсуі әдебиетте бұрыннан бар құбылыс. Өткен мен келешектің арасындағы қас-қағым сәтте толқыған адамның эмоционалдық көңіл-күйі осы екі бастаудың біріне ерік беріп, соның нәтижесінде тартыс туындайды. Лермонтовтың шығармаларында кейіпкер екіге жарылып, бір жанның бойындағы екі пиғылдың қақтығысы кездеседі. Достоевскийдің кейіпкерлері өз ішіндегі ойы бөтен тұлғамен айтысып сөз таластырып іштей егеске түседі. Тартыс ұлғая келе шығарманың негізгі арқауына айналады.

XX ғасыр басындағы М.Әуезов шығармаларынан да кейіпкерлердің екіұдай күйін байқаймыз. «Адамдық негізі – әйел» атты тұңғыш мақаласында ол: «Адамда екі түрлі қылықтың жолы бар: бірі – тіршіліктің қамы, бірі – адамшылық жолы. Барша дүниедегі пайда-мақтан әуелі басыма болса, немесе туысқаным, ең болмаса аталасым болса деп неғұрлым өзіне қарай тартып талап қылу, бұл бір ғана тіршілік қамын көздеген хайуани салахият деп айтылады. Екінші, меннен жақсылық тарап, адам баласына әлім келгенше пайдамды тигізсем екен деген жол. Бұл- инсаят, яғни, адамдық жолы», – деп жазады [2, 196].

Кейіпкерлердің екіге жарылу мәселесі 70-ші жылдардан бастап қазіргі қазақ прозасында да заңды жалғасын тапты.

Осы жайлы белгілі сыншы Амангелді Кеңшілікұлы «Жұлдыз» журналында жарияланған өзінің «Парасат майданы» атты мақаласында: «Мен суреткердің мұндай тамаша туындыларды өмірге әкелуіне Стивенсонның «Доктор Джекил мен мистер Хайдтың таңғажайып оқиғалары» шығармасының немесе Достоевскийдің «Ағайынды Карамазовтар» романының әсер етуі ықтимал екенін жоққа шығармаймын. Бірақ, жазушы шығармасындағы жанымызды дірілдетіп, көңілімізді толқытып, баршамызды баурап алатын сикырлы құдіретті, тек оның идеяларымен ғана байланыстыру- өнердің ұлылығын түсінбеу деген сөз. Өнерді шабыттандыратын

идеялардың ауқымы өте шектеулі. Оның күші тек сонда ғана емес, суреткердің сол идеяны оқырманға қалай жеткізіп, жалғыз өзіне ғана тән таңбасымен айшықтай алатын шеберлігінде.

Біздің бәріміз де Сервантес пен Рабле, Гюго мен Бальзак, Диккенс пен Теккерей, Толстой мен Достоевский, Мұхтар мен Бейімбет, Ремарк пен Распутин сияқты өнер аспанындағы жарқыраған жұлдыздардың сәулесінен ерекше қуат алмаймыз ба? Ендеше олардың өнерді арайландырған ғажайып шуағының біздің бойымызда өз ізін қалдырмауы қалайша мүмкін болмақ», – деген екен.

Зерттеуші-ғалым Г.Пірәлиева Төлен Әбдікұлының «Оң қол» әңгімесін қазақ прозасындағы психологиялық тереңдік, ойшылдық сияқты қасиеттерді талап ететін стильдік ағымдағы жаңалықтың бірі ретінде бағалайды. Шығарманың негізгі кейіпкері Алманың бойында әлдебір мүлгіген құпия тылсым күштердің қақтығысын көреміз. Бір адамның бойындағы екі әлем, екі «мені» – екі қолы өзара мәмлеге келе алмай, бір-біріне жаулық күй кешеді. Бір тұлғаның бойында тоқайласқан қарсы екі күштің, оң қолы мен сол қолының арпалысын суреттеу жазушыға өмір құбылыстарындағы қарама-қайшылықты нақтырақ, көркем суреттеуге мүмкіндік берген. Шығармада Алма арғы аталарының бірінде іске аспай қалған өзін-өзі өлтіру идеясының құрбаны болады. Жүзеге аспаған жаман ойдың айналып келіп жас қыздың бойында оянуы арқылы қаламгер адамның ішкі ой әлеміндегі жауапкершілік мәселесін қаузаиды. Жазушы концепциясында адам рухани кемелдікке жасаған әрбір ісімен ғана емес, ішкі ойының тазалығымен де ұмтылуы тиіс[3, 5].

«Оң қолдағы» түпкі идея – адамның ішкі ой әлеміндегі жауапкершілігі. өмірде ештеңе із-түзсіз жоғалып кетпейді. Бұл үлкен этикалық пайымдау, яғни қылмыстың түбі жазасыз болмайтыны жайлы ой-орам, тұжырым, сақтандыру десек үйлеседі.

Америка құрлығын он жылдан астам уақытта айналып шығатын көбелектің бір түрі бар екен. Көбелектің он жыл өмір сүрмейтіні белгілі. Әр ұрпақ өзінің мерзімдік ғұмыры біткенге дейін белгіленген маршрутпен ұшып отырады да, тіршілік мерзімі бітер кезде сол жерде өздерінің тұқым-құртын қалдырады. Келесі жылы одан пайда болған жаңа көбелектер қалыптасқан маршруттан жаңылмай әрі қарай ұша береді. Өйткені, генетикалық жад арқылы не істеу керек екенін жақсы біледі.

Адам бойында да генетикалық жадтың бар екені белгілі. Оның ішкі әлеміндегі жақсылық та, жамандық та ұрпағына мұраға қалуы әбден мүмкін.

Осындай күрделі құбылысты басынан кешкен әңгіме кейіпкерінің жан дүниесінің, оның сана қатпарларында бір ойлардың, әлем-тапырық арпалыстардың болуы заңды десек, ол қандай арпалыс? Жан мен тәннің белгілі бір дәрежеде бірлікте болатындығын ескерсек, адам денесінің бір мүшесі өзіне майдан ашқан адамның ішкі әлемі, жайы қандай күйде болуы мүмкін. Өз денесі өзіне қарсы шыққан адамның ішкі әлемі де екіге жарылып алып, алапат майдан ашпауы мүмкін емес екен.

Адам жан дүниесінің екіге жарылуы – адам бойындағы қос қасиеттің тартысқа түсіп, оның бірде бірі, бірде екіншісі жеңіліске ұшырап отыратын психологиялық құбылыс. Бұл құбылысты қазіргі таңдағы белең алып отырған күрделі, суицид – өзіне-өзі қол жұмсау мәселесімен де байланыстырып кетуге болады. Қаншама жасөспірім осындай ауруға шалдығып, өз өмірлерін қиды.

Зерттеуші-ғалым Амангелді Кеңшілікұлы өзінің «Парасат майданы» атты мақаласында: «Төлен Әбдікұлы қазақ әдебиеті үшін тосын жаңалық ашты. Шын мәнісіндегі әңгімедегі оң қол да, бір адамның бойында өмір сүретін қостұлғалық та зұлымдықтың сыртқы сипатын көрсету үшін таңдап алынған символдық белгілер ғана. Бірақ әңгімедегі нағыз қылмыскер олар емес. Нағыз қылмыскер ақылға бағынғысы, ештеңені тыңдағысы келмейтін- адамның санасы. Қылмыскерді жазаға тартуға болады, ал адамның санасында жасалып жатқан зұлымдықты ауыздықтайтын амал бар ма?», – дейді[4, 185].

Жазушы өзінің әңгімесінде адамның бойындағы кемшіліктерді ауруға теңейді. Мәселен, іштарлық, мақтаншақтық, атакқұмарлық т.б. – осылардың бірінен болмаса бірінен тірідей өліп жатқандар қаншама. Әңгіменің негізгі идеясы да – осы.

«Оң қол» әңгімесіндегі Алма ішіндегі тартыстың терең себеп-салдары егжей-тегжейлі баяндалып, жан-жақты ашылмаған күйі қалады. Жазушының «Парасат майданы» повесінде осы идея жаңа қырынан көрінеді. Кез келген жамандық алдымен адам санасында идея түрінде туып, жүзеге асады. Адамның ішкі ойының тазалығы, жақсылықтың жеңісіне, ізгілікке деген сенімі шығармада басты роль атқарады [5, 8].

Повестегі негізгі тақырып- рухани кемелдену мәселесі. Адамның рухани тұрғыдан жаңа деңгейге көтерілуі, тазаруы, рухани кемелдікке жетуі көне заманнан бері көптеген ойшылдарды толғандырып келген мәселе. Тәндік қажеттіліктерді жеңу арқылы жаңа рухани деңгейге көтерілу, әулиелік сипатқа ие болу – көптеген діни-философиялық мектептердің көтерген өзекті тақырыбы. Л.Н.Толстойдың кейінгі жазылған шығармаларының барлығы дерлік осы мәселеге арналған. Көркемдік концепциясы адамды рухани жетілдіруге бағытталған «Сергий әке», «Крейцер сонатасы», «Шайтан» т.б. туындылары кейіпкерлердің өз нәпсісімен, әштегі шайтанымен арпалысқан тартысына құрылған.

Рухани кемелдену дегеніміз не? Жазушы концепциясы бойынша, ол адамның өзіне өзі үңіліп, ішкі ойы мен іс-әрекетін тазарту, нәпсісін тыю, осы кезге дейін қалыптасқан адамгершілік қағидаттарын орындау. Рухани кемел адам өз бойындағы мінімен күресте жеңіске жетуі тиіс. Өзіне өзі есеп беріп, іштегі жаман ойларымен, әдет-қылықтарымен, бойындағы кемшіліктерімен күресуі керек. Адамдардың барлығы жауды сырттан іздейді, солармен жаға жыртысып, кектеніп өмірді өткізеді. Шын мәнінде, әр адамның жауы өз ішінде отыр, тек рухани кемелдікке ұмтылған адам ғана сол іштегі дұшпанды тап басып танып, сонымен ашық айқасқа шыға алады. Өз «меніне», өз бойындағы зұлымдық бастауларына қарсы парасат майданын ашады. Повесть көтерер рухани-әлеуметтік жүгі осындай.

Жазушы қоғамдағы рухани дерттердің қалыпты құбылысқа айналғанына алаңдайды. Автор тұжырымдамасында, рухани дерттің жанында дене дерті түк емес. Дене дертінің зияны тек адамның өзіне ғана тиеді, ал рухани дерттің кеселінен тұтастай қоғам зардап шегеді.

Повесть кейіпкері жалпы адамзаттық құндылықтарды ойлап, адамзат тағдырының келешегі туралы толғанады. Бүкіл әлемнің рухани тұрғыдан жетілуін, кемелденуін тілейді. Адам ғұмырының мәңгі еместігін, материалдық дүниенің өткінші екенін мойындай отырып, кейіпкер рухани дүниенің, «парасат биігінің, тіршіліктің мәніне арналған әулие қасиеттердің» жоғалып кету мүмкіндігіне сенбейді [2, 197-199].

Повесть кейіпкерінің бір басында екі дауыс, екі адам бұғып отыр: ол күнделік иесі мен бейтаныс құрбы. Жаны таза, рухани кемел күнделік иесі әділдікті, адамгершілікті, имандылықты жақтайды, жақсылыққа сенеді, адамдардың рухани азуына наразы. Ал бейтаныс құрбы өмірде ізгілік пен жамандықты қарсы қоймай, жамандықтың да қажетке жарайтын тұсы бар деген қағиданы ұстанады. Өз өзімен айтысқа түскен кейіпкердің адамзаттың рухани даму бағдары туралы толғамдары ой тереңдігімен, логикасының мықтылығымен ерекшеленеді. Повесте сюжет негізгі қызмет атқармайды, негізгі конфликт адам болмысының қиын да күрделі рухани мәселелерін шешуге талпынған кейіпкердің ішкі коллизиясында дамиды [6, 4].

Шығармадағы ерекшелік – тартыстың адам мен басқа адамдардың қарым-қатынасына құрылмай, екіге жарылған, содан жапа шеккен жеке бір тұлғаның санасында дамуы. Шығармадағы күнделік иесі мен оның екінші жартысы бейтаныс құрбының арасындағы арпалыстың, қарама-қайшылықтың адамгершілік-моральдық, қоғамдық-әлеуметтік астарын аңғарамыз. Бейтаныс құрбының пайымдауынша, жақсылық пен жамандық бір-біріне қанша кереғар болғанымен, бір-бірімен өзектес, сабақтас, бірінсіз бірі өмір сүре алмайтын егіз құбылыс. Оның зұлымдықты жырлаған француз ақыны Шарль Бодлердің «Зұлымдық гүлдерін» құныға оқуында сыр бар. Бодлер өмір сүрген кезеңде әдебиетте романтикалық поэтикалық идея үстемдік етті. Оның басты ерекшелігі – екіұдайлық, антитеза, мұрат (идеал) мен болмыс арасындағы қарама-қайшылық еді. Бодлер Ұлы ұқсастықтар заңына жаңа мазмұн берді. Оның негізгі көркемдік тәсілі антитеза емес, қарама-қарылықтарды өзара теңгеру, ұқсастыру, сабақтастыру болатын. Бодлер үшін жамандық дегеніміз жақсылық және керісінше, өмір дегеніміз

өлім және керісінше, ізгілік дегеніміз зұлымдық және керісінше, тазалық дегеніміз күнәһарлық және керісінше – яғни, шын мәнінде «төменде не тұрса, ол жоғарыдағыға ұқсас» [3, 5].

Ал күнделік иесі: «...кереғар екі күш қалайша өздерінің мән-мағыналарынан айрылуға тиісті? Неге ақ пен қара, адал мен арам, ізгілік пен қиянат іштей былығып, бір-бірімен мидай араласуы керек? Екеуі бір табаққа симайтын құбылыс. Алайда екеуінің бір табақта жатқаны кімге керек болуы мүмкін?»

«Осының бәрі, меніңше, адалға да, арамға да, ізгілікке де, қиянатқа да жататын рухани қосмекенділердің көбеюінен» – деп толғанады. Повесть кейіпкерінің рухани-моральдық құндылықтар туралы пайымдауларынан автордың өзін мазалаған ой-тұжырымдарды айқын аңғарамыз. Жазушы қазақ әдебиетіне «рухани қосмекенділер» деген жаңа ұғым енгізіп отыр. Олар «бірыңғай жексұрын емес, бойында аздап та болса жақсы қасиеттері бар жексұрын. Ең қатерлі адамдар да осылар».

Шығармада қазіргі қоғамдағы жақсы мен жаман деген ұғымдардың араласып кеткені мен адамгершілік заңына қайшы келетін келеңсіз құбылыстар туралы батыл ой айтылады. Ненің жаман, ненің жақсы екенін ажырата алмай, күнделікте өмірде болып жатқан сұмдыққа: еркектердің еркекке үйленуі, сәбиін өлтірген, немесе қоқыс жәшігіне тастаған келіншектер, анасын, қызын зорлаған, адам етін жеген маньяктар т.т. сорақылықтарға етіміз үйреніп барады. Бұл – күнделік иесінің жан айқайы. Оның қынжылатыны адамдардың адамдық қасиетті бағаламауы ғана емес, адамдардың қатыгезденіп, имансыздануы, ар-ұяттан безуі, сол арқылы рухани күйреуге ұшырай ма деген қауіп [7, 17].

Осынау қасіретті шындықты елден ерте ұғынған, өзіне күрес жариялаған бір адам шығып еді, ол да ауру, қоғам үшін жынды, жарты ес. Повесте кейіпкердің естен адасуы философиялық сипатқа ие. Жеке адамның басындағы қайшылық арқылы қоғамның рухани өміріндегі қайшылықтардың шынайы болмысы бейнеленеді.

Жазушы өз шығармаларына бітіспес қайшылық көзі – ақ пен қараның, жақсылық пен жамандықтың, ізгілік пен зұлымдықтың, жалған мен ақиқаттың, үміт пен күдіктің, өмір мен өлім арасындағы мәңгілік майданды, текетіреті темірқазық еткен. Шығармаларындағы кейіпкерлерінің бойындағы екіұдайлық- бүгінгі идеалынан айрылып, жар жағалаған қоғамның да бет бейнесі.

Төлен Әбдікұлы өзінің кейіпкерлері арқылы адамдарды да ойлануға шақырады, рухани тоқыраудан, қоғамдағы имансыздық, рухани жұтаңдық кеселдерінен сақтандырады. Бір кейіпкердің ішкі әлемін таныту арқылы әркімнің өзін өзі тануына жаңа серпін береді [2, 197].

Ойға оралымды, көңілге қонымды дәстүрлі беллетристика құлаққа әбден сіңісті болған өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының басында оқырманды бітімі бөлек, киіктің асығындай ғана шағын туындының елең еткізгені бүгінде әдебиет тарихының еншісінде. Кейіннен жазушы қаламынан «Ақиқат», «Тозақ оттары жымындайды» атты тамаша хикаяттар өмірге келіп, қаламгердің «Оң қол» шығармасы өзін биікке шығарып, қазақстан жазушылары ішінде «Кафка» сыйлығына тұңғыш ие болған. Сыншылардың жазуынша, әдебиетіміздегі модерндік бағыттың бастауында тұрған Т. Әбдікөвтің бұл туындыларына «ой ағыны» тән екен. Ал, Ф.Кафка болса, жаратқанды метафизикалық тұрғыда іздеуімен әйгілі болыпты [8, 8].

Сыншылардың айтуынша, қаламгердің соны соқпақ, жаңа формат іздеуі прозаны философиялық астармен астастырып, кейіпкерлердің тұлғасына басқа қырынан үңіліп, беймәлім тұсынан ақтаруы оқырманды ой тұңғығына жетелейді. «Оң қол» талғам мен талапқа жоғары деңгейде жауап бере алатындығымен ерекшеленеді. Адам психологиясы мен жаратылысының құпия қатпарларын бойлап, көзқарас, дүниетаным, болмыс сынды қасиеттердің оқиғаға орай құбылуының қыр-сырына қанықтыруымен баурай түседі [2, 5].

Әдебиет – адамтануды ғана емес, адам болып қалуды үйрететін ұлы өнер. Міне сондықтан да шын талант әдебиетке, адамдық бастаудың қайнарын лайлайтын қоғамның зұлымдығынан өмірді тазарту үшін келеді. Жүрегі оттай жанып, өмірдің зұлымдығымен күресе алмаған жазушы еш уақытта да адам жанының суреткері бола алмайды.

Өнерге берілген адалдығы мен адамдық парасатының арқасында Төлен Әбдіқұлы адам жанының суреткері бола білді. Оның қаламынан туған шығармаларында зұлымдыққа қарсы парасат майданын ашқан оттың жалынын лаулайды. Сол жалыннан қуат алған біздің рухымыз да оның жазған әр шығармасымен бірге кемелденіп, адамдық жолдан тайғанап кетпей, парасат майданында жазушымен бірге жеңіске жетіп келеді [4, 200].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Республикалық әдістемелік журнал: Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы. – 2008. – №9. – 128 б.
- 2 Қазақстан жазушыларының әдеби-әлеуметтік журналы: Жұлдыз. – Алматы, 2008. – №4. – 311б.
- 3 Республикалық қоғамдық-саяси газет: Айқын, 23 қазан – 2012.
- 4 Қазақстан жазушыларының әдеби-әлеуметтік журналы: Жұлдыз. – №11 – Алматы, 2012. – 311 бет.
- 5 Республикалық қоғамдық-саяси газет: Нұр. Астана, 16-23 сәуір – 2008.
- 6 «Торғай» газеті. 6 сәуір – 2012.
- 7 Республикалық әдістемелік журнал: Қазақ тілі мен әдебиеті, №4 – Алматы, 2007.– 34 бет.
- 8 Республикалық қоғамдық-саяси газет: Заман Қазақстан,

БИБЛЕЙСКИЕ МОТИВЫ В РОМАНЕ Ф.М. ДОСТОЕВСКОГО «ИДИОТ»

Мальцева Е.Ю.

Научный руководитель – Жаркова В.И.

Аңдатпа. Ф.М. Достоевскийдің «Идиот» романынан діниліктің себептері осы мақалада қарастырылған. Мақалада діниліктің себептерінің әдіс-тәсілдерін ашық түрде жазып енгізген. Мақалада діниліктің қабаттарының міндет-жүктемелері мен себептеріне шолу жасалған.

Abstract. Biblical motives of a novel by Fyodor Dostoevsky «The Idiot». The article examines biblical motives of the novel by Dostoevsky «The Idiot». The techniques of incorporating biblical material into an artistic tissue of the novel are thoroughly examined by author. Functional capacity of biblical layer of the novel is being analyzed.

Ф.М. Достоевский является одним из самых сложных и глубоких писателей 19 века, произведения которого были не только откликом на современные ему события. Они затрагивали общечеловеческие проблемы, волновавшие людей разных стран, времён и народов. Однако вокруг творчества писателя до настоящего времени ведётся множество споров. Сталкиваются различные точки зрения исследователей. Предметом особого осмысления среди учёных является эмоциональная нагрузка библейских мотивов в романах Достоевского.

В последнее время возрос интерес к Библии, к её нравственным началам. Учёные снова обращаются к высокохудожественной книге и выявляют особенности её влияния на творчество писателей. Связь Библии и творчества Достоевского неоспорима, однако эта связь, на наш взгляд, не до конца изучена, и исследователи продолжают вступать в полемику друг с другом. Этим обуславливается **актуальность** данной работы.

Цель данного исследования: определить степень влияния библейских мотивов на идейный замысел, художественное своеобразие романа Ф.М. Достоевского «Идиот».

Для достижения данной цели необходимо решить следующие задачи:

1. Дать определение понятию «мотив».
2. Проследить личную взаимосвязь автора с Библией.
3. Выявить связь между князем Мышкиным и Иисусом Христом.

Наиболее полно в этом аспекте изучен роман «Преступление и наказание». Роман «Идиот», на наш взгляд, содержит множество вопросов, которые ставит сегодня перед исследователями историко-литературная наука. Отметим, что Кудрявцев Ю.Г. попытался определить главный библейский мотив для писателя, понять, какова значимость Священного Писания для автора через анализ его романов, в том числе и романа «Идиот». Учёный Туниманов В.А. в статье «Роман о прекрасном человеке», вышедшем в книге «Идиот», раскрыл образ